

12. Нужна ли странам ЕАЭС общая валюта? Версия // <https://versia.ru/nuzhna-li-stranam-eayes-obshhaya-valyuta>

13. Микайлов П.В. Проблемы и перспективы введения единой валюты в странах-участницах ЕАЭС // <https://cyberleninka.ru/article/v/problemy-i-perspektivy-vvedeniya-edinoy-valyuty-v-stranah-uchastnitsah-eaes>

ҚАЗІРГІ КЕЗЕНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СҰРАҚТАРЫ

*Қайырбек Н.Е, заң факультетінің магистранты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ
Қапан Ж.Б, заң факультетінің студенті, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ
(Ғылыми жетекші - Мусин Қ.С, конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының доценті,
з.э.к., PhD докторы)*

Ұлттық қауіпсіздік әр мемлекетте әйгілі заңгерлермен әр түрлі түсіндіріледі. Осыған байланысты басынан бастап біз ұлттық қауіпсіздіктің анықтамасын әр түрлі жағынан қарастыруымыз қажет, және бұл теориялар ұлттық қауіпсіздік туралы тұжырымдалуға қандай үлесін тигізетіндігін.

Генри Киссенжер өз жұмысында Майкл Роскин және Николас Берридің пікіріне сүйене отырып «суық соғыстың соңы әлемдік аса ірі мемлекеттер үшін қауіпсіздік мәселесін төмендетті, бірақ проблема сол күйінде қалды» деп тұжырымдайды.

Бүкіл әлем бойынша өзге ірі мемлекеттер үшін қауіпсіздік мәселесі, аса ірі мемлекеттер өздерінің беделін жоғалту нәтижесінде, шынында да аса көп маңызға ие бола бастады.

Егер АҚШ – экономикалық әлсіздік себебінен, өз назарын отандық реформаға аударса, немесе саяси ағымға – өзіндік әлемдік басшы рөлі төмендейді, көп полярлы саяси жүйе пайда болады.

Генри Киссинжер айтуы бойынша бұл көп полярлы халықаралық жүйе 19 ғасырдағы «Еуропа Концертин» еске түсіреді, еуропалық жетекші бес ірі мемлекет өз арасында бәсекелескен болатын, бірақ өздерінің ұлттық саясатының құралы ретінде үлкен соғыстың басталуынан бас тартты [1; 134].

Сонымен қатар, қазіргі уақытта ядролық, химиялық және биологиялық қарудың таралуы жалғасын табуда, және әр түрдегі шиеленіс әлі де болса жалғасуды. Этникалық және діни-саяси билік, ресурстар, босқындар, адам құқығы мен саудаға байланысты сұрақтар қозғалуда. Сондықтан қауіпсіздікті қамтамасыз ету сұрағы өзекті.

Кейбір мемлекеттер бейтарап позициясын ұстанады, бұл олардың халықаралық шиеленіске қатысуын шектейді. Бейтарап мемлекеттер: Швеция немесе Швейцария шиеленіске әкеп соқтыратын даулы сұрақтардан шет ұстанады. Бұлардың кейбіреулері аса күшті мемлекеттердің альянсынан бас тарта отырып, әскери одаққа қосылмайтын саясатты таңдайды.

Сондай-ақ бейтарап мемлекеттер, қосылмау саясатын ұстанатын елдер өз мемлекетінің қауіпсіздігі үшін мезеттік қауіп-қатерді көрмейді.

Шынында да, суық соғыс уақыт аралығында қосылмаған мемлекеттер одаққа қосылу сол немесе басқа мемлекетке тәуелділікке әкеп соқтырады, нәтижесінде олар өз қауіпсіздіктерінен бақылаудан айырылып қалатындығына сенді.

Қатарға қосылмаған көптеген мемлекеттер ұлттық қауіпсіздіктеріне төнген қатер сұрақтарын форумда келіссөз арқылы шешу үшін, аймақ аралық халықаралық ұйымдарға қосылды, олар АБО (Африка Бірлестік Одағы), ОШАЕ (Оңтүстік Шығыс Азия елдері) немесе Араб Лигасы.

Көптеген мемлекеттер Варшава Ұйым Келісімшарты секілді, соғыстан пайда болған қатермен бірге пайда болатын және жоғалып кететін альянсқа қосылады. Бұл мемлекеттер әскери күш және саяси күшею үшін ресурстарын біріктіреді.

Олардың пікірі бойынша, мемлекеттер қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін төрт базалық стратегияны: қорқыту немесе тежеу саясатын, мемлекеттер арасында дипломатиялық шиеленісті бәсеңдету, қорғаныс және қарусыздандыруды бірігіп немесе жекелей қолданады.

Технология, ылғи таңдап алынған стратегияға және ұлттың қауіпсіздігіне әсерін тигізеді, қазіргі уақытта бар әскери технологияға қауіпсіздіктің деңгейі және түрі тәуелді. Естен шығармаған жөн, түркітердің Константинопольді алуы және олардың оқ дәрі мен зеңбіректі қолдануы қауіпсіздікті сақтаудың бір эрасынан екінші эраға ауысуына әкеліп соқтырды.

Мемлекеттің географиялық өлшемі және қорлары, үлкен халық тұрғыны, бекініс қабырғасы емес қарулы күш қамтамасыз ете алған үлкен соғысқа және берік экономиканы жұмылдыруға, қауіпсіздіктің қамтамасыз етуінің ең маңызды элементі бола алады.

Самюэль Хантингтонның пікірі бойынша, әлемде, суық соғыстан кейін халықтар арасында айырмашылық идеологиялы, саяси немесе экономикалық емес, мәдени болып табылады [1; 21].

Егер бір мемлекет екінші мемлекеттің өз күшін көбейтуін бақыласа, онда ол потенциалды түрде қатер тудырады. Ондай жағдайда ол өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шаралар қолданады немесе басқа мемлекеттермен бірлесе отырып одақ құрады.

Мемлекеттік институттар, мәдениет және құндылықтар мемлекеттік өзінің ұлттық қызығушылықтарын анықтауына қатты әсер етеді. Мемлекеттің ұлттық қызығушылықтарын тек ұлттық құндылық пен институт реттемейді, сонымен қатар халықаралық нормалар мен институттар көмегімен реттеледі. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету сұрақтары бойынша, әр түрлі типтегі мемлекеттер өздерінің ұлттық қызығушылықтарын әртүрлі анықтайды. Мәдениеттері және институттары ұқсастығы бар мемлекеттер ұлттық қызығушылықтарын анықтауда көптеген параметрлерінде сәйкестік болады.

Қауіпсіздік түсінігі отандық және шетел ғалымдарымен өзінше әр түрлі түсіндіріледі. М.У. Спанова мен Г.К. Ахметжановалардың пікірі бойынша «... қауіпсіздік ішкі және сыртқы қауіп-қатерден қорғану жағдайы ретінде түсіндіріледі» [2; 32].

Ұлттық қауіпсіздік – әлеуметтік институт жағдайын сипаттайтын, қоғам және тұлғаны дамытатын, бар қолайлы талаптарды ұстану бойынша әсерлі қызметті қамтамасыз етуші ғылыми және практикалық мәселе. Ұлттық қауіпсіздік, саяси ғылым санаты ретінде ұлтпен қауіпсіздік байланысын көрсететін, тұтас жүелікті, қоғамдық сананы және қоғамдық қатынасты қосатын, қоғамдық институт және оның қызметі, нақты қалыптасқан тарихи жағдайда ұлттық қызығушылықты жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Ұлттық қауіпсіздікте қауіпсіздіктің үш деңгейі бөлініп қарастырылады: тұлғалық, қоғамдық және мемлекеттік. Олардың орны мен рөлі саяси құралмен, сыртқы және ішкі қатер қылығымен, қоғамдық қатынастағы сипатпен анықталады. Ұлт үшін қиын қыстау кезеңінде қоғамның немесе мемлекеттің қауіпсіздігі басым болады. Ұлттық қауіпсіздіктің мазмұнды толық түсінігінде саяси, экономикалық, әскери, экологиялық, мағлұматты қауіпсіздік және ұлттың мәдени даму қауіпсіздігін бөліп қарастырған жөн [1; 22].

Бірінші болып нақты ұлттық қауіпсіздік концепциясын тұжырымдаған Д.Сатпаевтың, ол «Ұлт, қауіпсіз жағдайында болады, егер соғыстан бас тарту мақсатында өзінің заңды қызығушылықтарын құрбан етпесе және ол керек кезде сол қызығушылықтарын соғысу жолымен қорғау жағдайында болса» - дейді [3; 2].

Ұлттық қауіпсіздік концепциясы, сыртқы саяси және геосаяси концепцияға тең, ұлттық қызығушылықтар концепциясынан туындайды. Ұлттық қауіпсіздік концепциясы қоғам түбінен және қоғамның өзіндік жағдайымен байланысты, сыртқы және ішкі қатер есебінен құрылады.

Ұлттық қауіпсіздіктің бірінші деңгейлік мақсат концепциясы – бұл басым бағыты анықтау және дайындау, алдын ала тоқтату құралы және комплекстік мөлшері, бәрінен бұрын ішкі және сыртқы қатер нысаны, олар басқа елмен соғыс немесе азаматтық соғыс.

Осыған байланысты, Ресей Федерациясы жаратылатын және сабақтас ұлттық қауіпсіздікпен тұжырым және анықтаманы бастапқыда қарастырайық.

Қазіргі Қазақстанның әскери саясатының басымдылықтары оның халықаралық міндеттемелерімен, мәртебесі ядрсыз мемлекет және геосаясат жағдайымен анықталуы керек.

Автор егеменді мемлекеттер ретінде Ресей және Қазақстан арақатынасын аса маңызды деп санайды.

Екі мемлекеттің әскери ынтымақтастығы туралы айта отырып, бұл ынтымақтастық үшін шынайы нормативті база құрылған, мемлекет аралық келісімдерге қол қойылған, Қазақстан Республикасы аумағынан Ресей жағы ядролық қаруын шығарғанын атап өткен жөн. Бірақ өкінішке орай келісілген, қолжеткізілген көп салада Ресей жақтың селқос қарауы, келешектегі көз-қарас бойынша ТМД ұжымдық қауіпсіздігіне көп шығынға әкеп соқтырды.

Ұлттық қауіпсіздік – қоғам мен тұлғалықты дамытатын, тіршілік талабының қолайлығын қолдау бойынша нәтижелі қызметін қамтамасыз ету, саяси институттардың жағдайын сипаттайтын ғылыми және практикалық мәселе. Ұлттық қауіпсіздік, нақты тарихи жағдайда қалыптасқан ұлттық мүдденің қалыптасуын қамтамасыз ететін, қоғам институты мен оның қызметін, қоғамдық сана мен қоғамдық қатынасты қосатын, ұлттық қауіпсіздік байланысын саяси ғылымда көрсететін санат ретінде. Ұлттық қауіпсіздікте қауіпсіздіктің негізгі үш деңгейі бөлініп қарастырылады: тұлғалық, қоғамдық және мемлекеттік. Олардың орны мен рөлі сыртқы және ішкі қатермен, саяси құралмен, қоғамдық қатынастың мінез құлқымен сипатталды. Мазмұнды жоспарда ұлттық қауіпсіздік түсінігінде саяси, экономикалық, әскери, экологиялық информациялық қауіпсіздік пен ұлттың мәдени даму қауіпсіздігін бөліп қарастырған жөн.

У.Липманың айтуы бойынша «Ұлт – қауіпсіздік жағдайында болады, егер соғыстан бас тарту мақсатында өзінің заңдық мүддесін құрбандық етпесе және осы мүддесін керек жағдайда соғыспен қорғап қалған жағдайында» [3; 145].

Ұлттық қауіпсіздік концепциясы сыртқы саяси және геосаяси концепциямен бірдей, ұлттық қауіпсіздік концепцияның туындысы ретінде көрсетіледі. Ұлттық қауіпсіздік парадигмасы қоғамда қалыптасқан және қоғамның өзіндік жағдайымен байланысты сыртқы қатермен, ішкі мәселелер есебімен құрылады.

Ұлттық қауіпсіздіктің бірінші деңгейлі мақсаты – бұл басым бағыттың жетілдіру мен анықтау, кешенді өлшем мен құралы, бәрінен бұрын сыртқы және ішкі қатердің шеткі формасы – бұл азаматтық соғыс пен өзге мемлекеттермен соғысты бодыртпау.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 26 маусымдағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік туралы» заңында ұлттық қауіпсіздік концепциясының анықтамасы түсінігі және санаты ретінде де қарастырылады: ұлттық қауіпсіздік концепциясы – мемлекеттік институттың негізін қалаушы, қазақстан қоғамының құндылығы, азаматтар мен тұлғалардың конституциялық құқығын қорғауын қамтамасыз ету бойынша ресми қабылданған пікір мен мөлшер жүйесі.

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің астында потенциалды және шынайы қауіп-қатерден мемлекеттің ұлттық мүддесін қорғау жағдайы түсіндіріледі [4].

Ұлттық қауіпсіздік мәселесінің маңызды айғағы ретінде Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында айтылған сөздері: «Қауіпсіздіктің басымдылығы айқын: егер мемлекет оны сақтамаса, онда біз тұрақты даму жоспары туралы айтуға ешқандай мүмкіндігіміз болмайды» [5; 21].

КСРО құлағаннан кейін мемлекеттердің басшылары ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ең қиын мәселесіне тап болды, себебі бұрын сыртқы қауіпсіздікті ұжымдасқан күшпен және бірегей Бұрынғы КСРО-ның әскери саяси потенциалымен қамтамасыз еткен болатын.

Ең бірінші қисынды қадамы Қазақстандық Қарулы күшін құру болатын. 1992 жылы 7 мамырда Президенттің Жарлығымен Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрлігі құрылған болатын, осы жарлықпен Қазақстанда орналасқан әскери бөлімдер, құрам мен мекемелер республика юрисдикциясына алынды және Қазақстан Қару Күштері құрамына енді.

Президент Қазақстан Халқына жолдауында өзіміздің тәуелсіздігімізді қамтамасыз ету үшін біз күшті мемлекет болуымыз қажет және көршілерімізбен сенімді және достық қатынаста болуымызға басты назарын аударды. Сонымен қатар ол адамның жеке мүддесі қанағаттанғанға қарағанда, ұжымдық қауіпсіздіктен әр адам айтарлықтай көп жеңіске жетеді, ал қоғамдық қауіпсіздік қауіп-қатердің шетінде дей отырып, мемлекеттік қауіпсіздікке басымдылықты бірінші орынға қояды [5; 21].

Әдебиеттер тізімі:

1. Генри Киссинджер. Дипломатия. – М.: Ладомир, 1999. – 134 с.
2. Спанов М.У., Ахметжанова Г.К. Вызовы социальной безопасности Казахстана // Саясат.- 1999.- №6 (49). - С.32-38.
3. Сатпаев Д. Национальная безопасность Республики Казахстан // Казахстанская правда. - 1992. - 8 мая. - С.17.
4. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы 1998 жылғы 26 маусымдағы № 233-І Қазақстан Республикасының Заңы. // www.zakon.kz
5. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана». 27 января 2012. // Казахстанская правда. - 2012., 28 января.

КОНСТИТУЦИОННЫЕ НОРМЫ И ПРИНЦИПЫ, ОПРЕДЕЛЯЮЩИЕ ПРАВОВОЕ ПОЛОЖЕНИЕ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

*Смагулова Р.А., м.ю.н., преподаватель кафедры конституционного и международного права
КарГУ им академика .Е.А. Букетова*

Развитие национального законодательства, закрепляющего специальные права и обязанности за определенными социальными и иными группами, представляется весьма важным, поскольку в современном обществе их адаптация осложнена в силу самых разнообразных причин. К данным социальным группам следует отнести престарелых и инвалидов, беженцев и вынужденных